

**<sup>1</sup>Нұрлан МАНСҰРОВ, <sup>2</sup>Жанар СҮЙИНЖАНОВА**

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясаутану ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан ([nurlan.mansurov@ayu.edu.kz](mailto:nurlan.mansurov@ayu.edu.kz)) ORCID: 0000-0002-0833-7682

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазак филологиясы кафедрасы, Түркістан, Қазақстан ([zhanar.swinzhanova@ayu.edu.kz](mailto:zhanar.swinzhanova@ayu.edu.kz)) ORCID:0000-0003-4036-9016

**ТІЛ – МӘДЕНИЕТТІҢ ЕРЕКШЕ ҚҰРАЛЫ\***

**Андатпа**

Макалада тіл мен мәдениеттің сабактастығы тарихи деректер негізінде қарастырылады. Зерттеуде мәдениет сөзіне берілген анықтамалар сараланып, оның тілге тиесілі болған сипатты басшылықка алғынады. Сондай-ақ сонау көнеден дамып келетін мәдениеттің халықтың рухани әрі материалдық танымдық тұрғыдан ұғынылатыны, оның ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, т.б. танымдарды қалыптастырудагы ұғымы талданады. Ал оның тілмен косақтасып, катар келетін «тіл – мәдениеттің айнасы» ретінде сипатталады. Макалага негізгі арқау болған жайт – сонау көне заманнан бастап қабысып, катар келетін тіл мен мәдениеттің сабактастығы, олардың қоғамда рухани және материалдық лексиканы қалыптастырудагы рөлі. Бұл ретте тілдің қоғамдық санада, салт пен дәстүрде, ырым мен жоралғыларда атқаралын қызметі көрсетіліп, барынша жан-жакты сараланады. Себебі тіл мен мәдениеттің көмегімен халықтың сөйлеу мәдениеті, мінез-кулқы, салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары, киім кио мәдениеті, жүріс-тұрысы, өнері мен ұлтқа тән символдары, т.б. қалыптасады. Макаладағы басты мәселе ретінде тіл мен мәдениет сабактастығы халықтың рухани және материалдық танымдық тұрғыдан ұғынылатыны ашып көрсетіледі. Бір сөзben айтқанда, тіл мен мәдениет жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен бастап, бүкіл бір ұлттық менталитетті, ұлттық сананы, оның дүниетанымын, салт-дәстүрін, рухани және материалдық байлықтарын камтитын күрделі ұғым екендігі айшықталады.

**Кілт сөздер:** Мәдениет сөзі, рухани мәдениет, мәдениет айнасы, тіл мен мәдениет, рухани және материалдық лексика.

\* Келген күні: 7 акпан 2022 ж. – Қабылданған күні: 28 наурыз 2022 ж.

Date of Arrival: 7 February 2022 – Date of Acceptance: 28 March 2022

Geliş Tarihi: 7 Şubat 2022 – Kabul Tarihi: 28 Mart 2022.

Поступило в редакцию: 7 февраль 2022 г. – Принято в номер: 28 Март 2022 г.

<sup>1</sup>**Nurlan MANSUROV, <sup>2</sup>Zhanar SUINZHANOVA**

<sup>1</sup>candidate of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan (nurlan.mansurov@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0002-0833-7682

<sup>2</sup>candidate of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Department of Kazakh Philology, Turkestan, Kazakhstan (zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0003-4036-9016

## LANGUAGE IS A UNIQUE INSTRUMENT OF CULTURE

### Abstract

The article deals with the continuity of language and culture based on historical data. The study analyzes the definitions of the word culture and focuses on its nature. It is also important to understand that ancient culture refers to the spiritual and material knowledge of the people, as well as their national mentality, national consciousness, worldview, customs and traditions. The concept of knowledge formation is analyzed. And its coexistence with language is described as «language is a mirror of culture». The main theme of the article is the continuity of language and culture, which have been intertwined since ancient times, their role in the formation of spiritual and material vocabulary in society. At the same time, the role of language in the public consciousness, customs and traditions, rituals is shown and analyzed in the most comprehensive way. Because with the help of language and culture, a culture of speech, behavior, customs, rituals, dress code, art and ethnic symbols, etc. have been formed. The main issue of the article is the continuity of language and culture, which is understood by the people in terms of spiritual and material knowledge. In a word, language and culture is a complex concept that covers the entire national mentality, national consciousness, worldview, customs, spiritual and material wealth, starting with personality traits.

**Keywords:** Word of Culture, Spiritual Culture, Mirror of Culture, Language and Culture, Spiritual and Material Vocabulary.

### Кіріспе

Мәдениет сөзінің шығу тарихы жайлы алғашқы мәлімет Римнің танымал философы Цицеронның (б.д.д. 45 ж.) еңбегінен орын алғандығы айтылады. Оnda күлтүра термині «өндөу», «тазалау» ұғымында келеді. Кейіннен бұл сөз адамзат баласы үшін «жанды тазалау», «ақыл есті толықтыру» ұғымында, яғни ауыспалы мағынада қолданылған болса керек-ті. Бұл ретте адамзат баласының өмірін жерді өндөу ұғымына орай адамзаттың өмірін жүйелеу, тәрбиелеу мағыналарында қолданылған әдіс ретінде пайдаланған деуге болады. Мақсат – адамзат баласының ойлау қабілетін жетілдіру, тәлім-тәрбие беру, эстетикалық талғамын дамыту, әділеттілік ұғымын қалыптастыру, т.т.

Ал қазақ тіліне мәдениет сөзі араб тілінен енген деген пікір орын алған. Араб тіліндегі мәдениет сөзі «қала», «қалалық» ұғымдарын берсе, тілімізде ол «адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі» деп келеді [1, 154-б.].

Сөздің шығуы араб тіліндегі «мәдени» сөзі мәдениеттілікке, мәдениетке қатысты. Осы сөзден тілімізде туындаған *мәдениет*, *мәдениетті*, *мәдениеттілік*, *мәдениеттану*, т.б. сөздер бар. Мәдениет сөзіне тілімізде мағыналық сипаты жағынан берілген анықтамалар жетерлік. Алайда олардың барлығы бір арнаға тоғысады деуге болады. Қараңыз: 1) мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары, жетістіктері, шығармашылықтарының жиынтығы; 2) мәдениет – адамзат баласының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, критmekен мәдениеті, қазақ мәдениеті, т.б.); 3) мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілуі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.б.); агромәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет, т.б.).

Мәдениет сөзінің мұнданай көп мағыналылығы жайлыш пікір өзге тілдердегі зерттеушілерде де жетерлік. Айталық, орыс тіліндегі «Язык и культура» енбегінде «Число определений понятия «культура» в одной только научной литературе по самым скромным подсчетам достигло двухсот. Надо еще учесть губкообразный характер употребления соответствующего обиходного слова в языке повседневной жизни» [2, 24-б.].

Сондай-ак әрі қарай «газеттер мен журналдардан социалистік және буржуазиялық мәдениет, материалдық және рухани, музикалық және шахмат, ондіріс мәдениеті, сауда, мінез-құлыш, тіпті қант қызылашасының мәдениеті мен вирустар мәдениеті туралы да окуға болатынын келтіреді. Мұнда терминнің өзі түрақты емес екендігін айта келе көп ретте «мәдениет» «өркениет» сөзінің синонимдер ретінде қолданылатынын келтіреді» [2, 24-б.].

### **Негізгі бөлім**

Көріп тұрғанымыздай, мәдениет сөзінің осыншама анықтамасы бір ғана тілде емес әлем тілдерінің дерлік барлығында түрлі ұғымда қолданылатынын көрсетеді. Бұл ретте жұмыстың мақсаты – мәдениет сөзінің ғылыми-танымдық ұғымын нақтылауда тек қана бағалау түсінігімен шектелмей тілдік тұрғыда етене сабактасып, тарихи

тұрғыда көнеден бірге жасасып келетінін айқындау. Мұндай мақсаттарды орындау барысында мәдениет сөзінің тілдік қолданыстағы орнын, әлеуметтік қызметін, рухани-танымдық ұғымын қарастыруды қажет етеді. Айталақ, күнделікті сөйлеу тілінде орын алатын мәдениет сөзі тек аксиологиялық тұрғыдан түсінілетін, яғни бағалау критерийін қамтитын *мәдениетті адам* (жақсы) және *мәдениетсіз адам* (жаман) тіркестері қарама-қарсы мәндегі қолданыс болса, ғылыми түсініктегі мәдениет – адамның кез келген әлеуметтік қызметінің нәтижелері, жеткен жетістіктері, шығармашылығының жиынтығы, т.т. аңғартады. Мұнда біз мәдениет сөзінің рухани әрі материалдық танымдық тұрғыдан да ұғынылатынын көреміз. Бұл ретте мәдениет жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани және материалдық байлықты қамтитын күрделі ұғым екендігін алға тартады.

Міне тіл осындай танымдағы мәдениеттің айнасы ретінде анықталады. Онда адамзат баласы өзін қоршаған дүнияуи құрылыммен танысады. Сондай-ақ қоғамдық сана, ұлттық менталитет, дәстүр, ырым, жөн-жоралғылар, құндылықтар жайлы ұғым қалыптастырады. Кей ғалымдар бұл жайлы анықтама бере келе, оның ұлттық мәдениетке тиесілі екендігін де негіз етеді. Солардың ішінде бүтінгі түрлі тілде сөйлейтін адамдардың қарым-қатынасын зерделеген ғалым С.Тер-Минасованың еңбегін атауға болады. Ол өз еңбегінде: «Тіл – тасымал құралы, мәдениетті жеткізуі, ол ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келген ұлттық мәдениеттің жаунарларын тасымалдайды. Балалар ана тілін менгере отырып, онымен бірге ата-бабаларының бүгінге дейін жинақталған мәдени бай тәжірибесін де игереді» [3, 19-б.], – дейді

Расында, тіл адамдарды бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, сол тілде сөйлейтін халықтың негізгі белгісі әрі басты құралы. Тілдің алғашқы берілген «Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы» деген анықтамасының ауаны бүгінде әлдеқайда кеңіп, ауқымы артқан. Ол адамның ой-өрісін, жүріс-тұрысын, қоғам мен саясаттың жүйелі жүргізілуін негіздеуші құрал. Сондықтан «тіл – мәдениеттің ерекше құралы» деп танылуда.

Тіл өз қызметін расында, арттырып, қоғамдық сананы, мәдениетті, салт пен дәстүрді де қалыптастыруда өзінің рөлін көрсетті дейді тіл мамандары. Өйткені алғашқы «тілдің көмегімен адамның сөйлеуі қалыптасады» деген ұғымның аясы бүгінде, расында, артып кетті [4, 560-б.]. Бұл жөнінде С.Г. Тер-Минасова былай дейді: «Тіл –

ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этности, ұлтты қалыптастыратын қуатты қоғамдық қару» [3, 20-б.].

Тақырыптың өзектілігі жоғарыда сөз етілген «тіл – мәдениет айнасы» деген ұғымның аясында қарастырылады. Өйткені мәдениет адам өмірінде еркеше орын алады. Ол өзі өмір сұрген ортамен қарым-қатынасын қалыптастырады, жүріс-тұрысын, тіпті киім кию мәдениетіне де әсер етеді. Сондықтан «тіл – мәдениет айнасы» дегенде бірінші кезекте, адамның мәдени дәрежесі, ақыл-ойы, парасаты, рухани танымы негізге алынады. Мұндай сабактастықтың өзектілігі тіл мен мәдениеттің маңыздылығының арта түсіне себеп болады. Нәтижесінде кез келген халықтың тілдік сөздік қорында рухани және материалдық лексикасының орын алуына алып келеді. Ал оның негізі этномәдени танымдық сипатын танытатын сөз тіркестер, мақалмәтелдер, ертеғілер, өлең-жырлар, ырым-жоралғылар, салт-дәстүрлер мен ұлттық мазмұндағы лексикадан көрінеді.

### **Зерттеу әдістемесі**

Зерттеудің әдістемелік негіздері – әлемдік лингвистика мен қазақ тіл білімінің салалары бойынша жасалған тұжырымдар мен қағидаттар. Ал тақырыптың ғылыми аспектілері мәдениеттану, әлеуметтану, тіл білімі, т.б. салалары бойынша қарастырылған әлемдік, отандық ғалымдардың зерттеу ұстанымдары, ой-пікірлері мен тұжырымдары басшылыққа алынады. Жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер қарастыру барысында алынған мәліметтерді жалпылау, сараптау, оларды жүйелеуге бағытталады. Сондай-ақ салыстыру және сипаттама жасау сияқты ғылыми әдістер де пайдаланылады.

### **Талдау бөлімі**

Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасын құрайтын сөздердің дені ұлттық мәдениеттің негізінде қалыптасқан. Бүгінде тіл білімінің даму бағыты қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесіндегі жаһандану үдерісінде рухани құндылықтарды көрсету ерекше қасиетке ие. Тілдің қарым-қатынас құралы ретінде ұлттық тілдің табиғаты мен асыл қазынасын ұғындыру, тіл мен мәдениет сабактастығын, лингвофилософиялық құндылықтар жүйесін зерделеу аса маңызды. Бұдан біз тіл тек денотативті (белгілі, сигналдық) қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік – мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал екенін көреміз. Ал

бұл сөз жоқ, тілдің көп қырлы әрі сан-салалы қызметін, адам мен оның ақыл-ойын, ұлттық дүниетанымын, тілдік санадағы этномәдени стереотиптік болмысын, т.б. қарастыру қажеттігін ұсынады. Сол арқылы тілдің ұлттық ерекшеліктерін, оның дүниетанымдық көзқарасын, сондай-ақ сол тілде сөйлейтін қауымның санасында, генетикалық табиғатында, психофизологиялық болмысында, әлеуметтік жағдайы мен аймақтық ортада, гендерлік жүйеде көп қырлы кешен екендігін танытады.

Кез келген ұлттың өзіндік болмысы мен дүниетанымы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани және материалдық мәдениеті бар. Мұның барлығы жанды тіл арқылы дәйектеледі. Себебі белгілі бір ұлттың не этностың басты эталоны – тіл. Олай болса, кез келген ұлттың не этностың этномәдени біртектілігі, ұжымдық санасы, аймақтық біртұтастыры, қауымдық құрылымы тіл арқылы танылады. Өйткені тілдің қасиеті тек қана ақпарат беруші құрал ғана емес, ол осы ұжымдық, аймақтық біртұтастықты қамтитын ұлттық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі. Себебі мәдениет – жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен бастап, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын ұғым дедік жоғарыда. Олай болса тіл – сол ұлттық менталитеттің, сананың дүниетаным мен салт-дәстүрдің басты қарым-қатынас құралы.

Тілді жасайтын және оны қатынас құрал ретінде жүзеге асыратын – адам. Яғни кез келген ұлттың, этностың мәдениеті, ақыл-ойы, парасаты, наным-сенімі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы заттандырылып, рухани және материалдық игіліктері оның тілі арқылы танылады. Әлемде қанша ұлт пен этнос болса олар өзара қарым-қатынасты тіл арқылы жүзеге асырады. Сол тілмен өзін қоршаған қоғамды, өркениетті, мәдениетті, т.б. таниды. Бір сөзben айтқанда, адамзат баласы сөйлеу арқылы әлемдік кеңістікте орналасқан кез келген халықпен қарым-қатынас орнатып, соның негізінде өзге ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары, танымы мен болмысы жайлы мәлімет алады. Тіпті оның сөйлеу мәдениеті арқылы тілін, ділін, т.б. білуге ұмтылады.

Адамзат баласы өзара қатынасты тіл арқылы жүзеге асыру барысында қуанышпен бөлісіп, қайғыға ортақтасады. Сол арқылы біреуге қуаныш сыйласа, енді бірінің қайғысын бөліседі. Даны халқымыз «Қуанышты бөліссен көбейеді, қайғыны бөліссең азаяды» дейді. Қуанышқа ортақтасып, оның шаттығын арттыру болса, қайғыны

бөлісу жұбату, көңіл білдіру, иман-шапағат тілеу. Міне мұның барлығы адамзат баласының сезімін білдіреді.

Белгілі ғалым Н.Уәлиев «Сөйлеудегі ізет, құрмет, сыйрайгершілік кісінің сезіміне әсер етеді. Өмірде жиі қолданылатын амандасу, қоштасу, ризалық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту... т.б. сөйлеу этикеті деген ұғымға саяды. Адамдардың дидарласуына, ең алдымен, дәнекер болатын да – осылар. Тұғантүсікан, жора-жолдас, тамыр-таныстармен кездескенде – амандасу, кeterde – қоштасу қаншалықты дәстүрлі әдетке айналса, біреудің қуанышына, қайғы-қасіретіне ортақтасу соншалықты табиғи. Адамның жанына жағымды, жылы сөздер оның көңіл күйінің пернесі сияқты. Жылуы мол, жан жадыратар шуақты сөздің мағынасын «сіз деген – сөздің сынығы, сен деген – сөздің анығы» деген қазақ мақалы да аңғартса керек» [5, 65-б.], – дейді

Міне бұғінде қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесіндегі жаһандану үдерісінде тіл мен таным тұтастығы және тіл мен мәдениеттің сабактастығы тілдік сана құндылықтар жүйесін зерделеуді маңызды санайды.

Тіл – ұлт мәдениетінің көрінісі. Бұл тұрғыда зерттеулер әлі жанжақты қарастыруды қажет етеді. Бұғінде мәдениетаралық қарым-қатынас саласы жайлы зерттеулер осыны қарастырады. Өйткені тіл арқылы бейнелеу, тіл арқылы мәдени құндылықтар жүйесін қарастыру тіл мен мәдениеттің арнасын, өрісін, лингвомәдениеттанудың, этнолингвистиканың, т.б. ғылыми тұрғыда саралау заман сұранысы еkenін аңғартты. Сондықтан енді ғана өзінің өрісін кеңейтіп келетін мәдениетаралық қарым-қатынас саласы да әлі талай мәселелерді қамти алатын ғылым ретінде кең көлемде қарастырылып келеді.

Бұғінде арнайы пән ретінде жүйелі орнығып келетін рухани және материалдық лексика саласының да басты мақсаты – тілдің қызметі мен мәдениеттің дамуы, олардың арақатынасын, т.б. қарастыру. Мұнда тілді тек қана мәдениетті танушы емес, оның ұлт рухын құрайтын күш еkenін айқындау, сол арқылы ұлт танымын, мінез-құлқын, болмысын әрі соған сай келетін өмір салтын, әдет-ғұрпын, ырым-жоралғысын, қала берді өнерін, жалпы алғанда, бір ұлттың тұтастай мәдениетін тілі арқылы танытуды мензейді.

Кез келген ұлттың тіл тарихына не болмаса лексикасына тарихи талдау жасаған кезде сол халықтың өткені мен оның дамуын, тілдік қолданыстағы жетістіктерін көреміз. Бұл өз кезегінде тіл тарихымен қоса сол ұлттың тарихын, рухани болмысын және мәдениетін тану

қажеттігін алға тартады. Өйткені халықтың бүкіл дүние танымы, тіршілігі, мәдениеті, рухани болмысы тілінен сол арқылы бүгінге дейін жеткендігін аңғартады.

Тіл мен мәдениеттің қатынасы барлық салада орын алады. Қандай халық болмасын оның ұлттық тілі сонау көне дәуірден бастап, бүгінге дейін жетуі сол ұлттың мәдениетімен бірге жасасып келгендігін көрсетеді. Ал мәдениеттің ішінде рухани мәдениет, діни сенім, танымдық өлшем, дүниеге деген көзқарас, қала берді адамдардың ұлттық танымындағы өмір сүру қағидаттары қамтылады. Олай болса, тіл мен мәдениет байланысы көнеден бірге жасасып келген, тарихы терең саналатын дүниенің бірі болатыны анық.

Мәдениет тілге қатыссыз болмайды, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы тәрізді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет оның ішкі мәні. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние деуге болады дейді Қ.Ғабитханұлы [6, 5-б.].

Мәдениеттанушылар «мәдениет» ұғымын талдауды сонау көне заманнан бастайды. Онда «жерді өндіеу» ұғымының терендеп «жанды жетілдіру» одан бертін келе Еуропада «білім беру», «даму», «құрметтеу» сияқты мағыналарда қолданыла бастағанадығын келтіреді. Яғни мәдениет адамзат баласының адам болуынан бастап орын алғандағын, оның рухани ізденісі, шығармашылығы, тәжірибесі жинақталған сан мындаған жылдардан жетіліп, жемісін беріп келетінін айтады.

Бұл орайда орыс мәдениеттанушысы Н.В. Гончаренко былай дейді: «Культура – величайшее завоевание человеческого гения, неувядаемая летопись его высочайших достижений и блестящих побед над стихиями природы, над дикостью, невежеством, злом над самим собой, над силами реакции и тьми, побед, которыми он вправе гордиться» [7, 14-б.].

Міне ғалымдардың келтіргеніндей «Мәдениет – адамзат кеменгерлігінің ең үлкен жетістігі». Ал мұндай жетістік тілмен сабактасып жетіліп келеді. Сонау көнеден сабактасып, қабысып келетін тіл мен мәдениет қогамда рухани және материалдық лексиканың алар орнын айшақтайды. Олай болса оларды тілдік тұрғыда саралап, талдап, зерттеп-зерделеудің де мәні ерекше болмақ. Себебі бұл категорияларға тән сөздер жиынтығы кез келген халықтың өмір дағдысында кең орын алғып келеді. Онда сол халықтың сөйлеу мәдениеті, мінез-құлқы, салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары, киім кио

мәдениеті, жүріс-тұрысы, өнері мен ұлтқа тән сиволдары т.б. қамтылады.

Әрине, мұндай зерттеулер ілгеріде де болды, оған В. фон Гумбольдт концепциясын, орыс ғалымдарының тіл мен мәдениет жайлары жасаған зерттеу еңбектерін атауга болады. Олар өз еңбектерінде тіл табиғатын қашанды халық рухымен байланыстыра қарастырып келген.

Тіл мен мәдениет сабактастыры жайлары зерттеулер американдық ғалымдар Э. Сепир мен Б. Уорф еңбектерінде де бар. Олар ұндістердің тайпа тілдерін зерттеу барысында тілдік элементтерді тайпа мәдениетімен, антропологиясымен, этностық сипатымен байланыстыра қарастырады. Ал Еуропада тіл мен мәдениеттің сабактастыры жайлары сөз еткен неміс ғалымы Лео Вайсгербердің есімі аталады [8].

Лео Вайсгербер көп ретте В. фон Гумбольдтың еңбектеріне иек артады. Оның басты көрсеткіші Гумбольдтың тілдің ішкі формасы туралы ілімінен тілдік мазмұнның этникалық идеясын тауып, соның негізінде өзінің «әлемнің тілдік келбеті» теориясын қалыптастырады. Лео Вайсгербер осы «әлемнің тілдік келбеті» теориясының концепциясын өткен ғасырдың 30-шы жылдары бастады.

Орыс тіл білімінде тіл мен мәдениет сабактастыры жайлары Н.И. Толстой, В.Н. Топоров, Н. Телия, В.А. Маслова және т.б. ғалымдар еңбектерін атауга болады. Қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабактастыры академик Ә. Қайдардың этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулерінен көрініс табады. Оның бастаған этнолингвистикалық мектебі қазіргі этнолингвистикағы жаңа бағыт. Бұл мектептің басты ерекшелігі этносты – тіл айнасында анықтау. Ол жөнінде ғалым мынадай пікірді келтіреді: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері бізге тас мұсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ олардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сакталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санага, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» [9, 11-б.].

Ұлттық танымды жоғары бағалаған тіл білгірі Ә. Қайдар этнолингвистика ұғымын екі объектінің – этнос пен оның тілінің

ортасынан туындаған ғылым саласы дей келе, «этнос» атты құрделі ұғымды этнолингвистика мақсатына орай ғалымдары этнолингвистика ғылыминың бүгінгі даму үдерісін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» үштігінде қарастырып, оларды жіліктей отырып, 30 макротопқа, 200 микротопқа бөліп, ұлкен идеографиялық классификация жасап жатқан «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздіктің ғылыми маңызы мен ұлттық құндылығы аса жоғары болатынын танытты [10].

Ұлттық танымның зерттелуін жаңа заман талабына сай өткені мен бүгінгіні жаңа қырынан танытуды мақсат ететін мұндай зерттеулер сөз жоқ қазақ тіл біліміне ұлкен серпіліс алып келді. Нәтижелі басталған этнолингвистикалық зерттеулер әрі қарай жалғасын тапты. Оған отандық ғалымдар Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уали, Г. Смағұлова, Б. Момышова, Қ. Ғабитханұлы, т.б. өз үлестерін қости.

Жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің танымы саналатын рухани және материалдық лексиканы кешенді түрде зерттеп-зerdeлеудегі тіл біліміндегі тың бағыттар мол мәліметтер ұсынып келеді. Онда қазақтың этномәдени лексикасын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, көптеген пассив қабатқа енген көнерген сөздер мен тіркесімдерге сан алуан қырынан жаңа нәр беріп, этномәдени сипатын ашып көрсетуде жарияланған еңбектердің құны зор.

Кез келген халықтың рухани құндылықтар тобына сол ұлттың дүниетанымы, ділі, ұлттық психологиясы, моральдық этикалық нормалары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ырым-жоралғысы, т.б. тиесілі болса, материалдық мәдениетке адамзат баласының өмір сүруіне қажетті ішер асы, киетін киімі, тұратын баспанасы, көлігі, қолөнерінің бұйымдары, ауылшаруашылық және малшаруашылық құрал-саймандары, өнім өндіретін шикізаттары, қару-жарагы, аңшылық, саятшылық жабдықтары, саз аспаптары, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жатады. Бір сөзben айтқанда, материалдық мәдениет адамзат баласының шынайы өмірде, яғни құнделікті тұрмыста қолданылатын заттарын қамтиды.

Қазақ халқының рухани болмысы ол кешегі бабалар сан ғасырлар арман еткен тәуелсіздік болса, сол тәуелсіздік аясында еркіндікке қол жеткізу, ғажайып арманнан туындаған тыныштық күй кешу деп біледі. Содан болса керек көнеден қалған «Күніміз жарық, түніміз тыныш болғай» тәмсілі қашанда бейбітшілікті аңсатады. Ал осындағы ой-армандар мен қиял-ғажайыптар нәтижесінде халық салт-дәстүрін,

ырым-жоралғылары мен рухани танымын қалыптастыруды. Күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажет болған құрал-сайман, киім-кешек, кару-жарак, тұрмыстық заттар мен қолөнер бұйымдарын дүниеге әкеледі. Соның негізінде халқымыздың танымындағы рухани болмыс пен мәдени таным сабактасып бірге дамиды. Нәтижесінде тілдік қолданыста рухани және материалдық заттардың ұғымын танытатын лексика қалыптасады. Бүгінгі тіл білімі саласында шартты түрде орын алған рухани мәдениет пен материалдық мәдениет деп топтастыра қараптырулар осы айтылғандарды негізге алады.

Десе де, ұлы дала тұрғындары рухани құндылықтарды қашанда жоғары қойғандығын ескерген абзал. Қазақ дәстүрінде материалдық дүниелерді алдыңғы қатарға шығаруы кейінгі жылдары қатты белен алғаны болмаса, ертеректе мұндағы таным-түсінік қатаң сыналатын. Кешегі бабалар ұстанымы да осыны көрсетеді. Бұл жайлы айтылған деректер де жетерлік. «Қазақтар бір-бірімен амандасқанда, сәлемдескенде «мал-жан аман ба?» деген сауалды қояды. Бірақ бұл адамдар үшін «жаннан» (яғни таза руҳтан) «малды» артық қою деген сөз емес. Мал да, тән де ардың садағасы болып кете берер жерлер жиірек кездеспей ме? Бұл жerde әлемді поэтикалық, рифмалық үйлесімділікке бағындырған қазақ үшін осы сөздердің құрылымындағы үндестік көбірек маңыздылық танытқан іспетті. Әйтпесе, материалдық құндылықты бәрінен жоғары қоюшылықты қазақ әр кезде – «сарандық» деп бағалап, оған сынни көзқараспен қараған...» [11, 224-б.].

### Қорытынды

Зерттеу жұмысының нәтижесі – «Тіл мен мәдениет біртұтас» деген қағидатқа сәйкес, қазақ тілінің ұлттық мәдениетін танытатын рухани және материалдық лексиканың барлық жиынтығын іштей сала-салаға жіктең, жүйелеп, сан алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, этностың дүниетанымдық таным-талғамы тұрғысынан ұғындыру. Бұл бүгінде тіл ғылымы үшін де өзекті мәселе.

«Тіл мен мәдениет біртұтас» деген қағидатқа сәйкес, қазақ тілінің ұлттық мәдениетін танытатын рухани және материалдық лексиканың барлық жиынтығын іштей сала-салаға жіктең, жүйелеп, сан алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, этностың дүниетанымдық таным-талғамы тұрғысынан ұғындыру жұмысымыздың басты нысаны. Бұл бүгінде тіл ғылымы үшін де өзекті мәселе.

Тіл – мәдениеттің өмір сұру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні дедік жоғарыда. Олай болса, бүгінгі тіл ғылымында мұндай формуланың мәнін ашу тіл ғылымында лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың зерттелуінде айқын орын алап келеді. Атауы белгілі бір бағытта тіл мен мәдениеттің сабақтастығын негізге алатын саланың өзі мәдениеттегі тілдің рөлі мен мәдениетті жеткізіп, сақтаудағы тілдің орнын ашып көрсетуді басшылыққа алады. Сондықтан соңғы жылдары ерекше назарға алынып, зерттеліп, зерделеніп келетін лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ұлт мәдениеті үшін бір-бірімен етене тығыз байланысты ғылым деп анықталған.

Соңғы кездері кез келген ұлт пен этностиң рухани және материалдық мәдениеті қалыптасқандығы көрініс тапты. Ол сол ұлт пен этностиң болмысы, танымы, тіпті тұрмыс-тіршілігіне қажетті дүниелер. Бұдан біз рухани мәдениет пен материалдық мәдениеттің өзара байланысын көреміз. Бұл байланыс әр тармакта жүйелі сабақтасып келетін топтарды қамтиды. Оның топтасуы мынадай: рухани мәдениет – тіл, сөз өнері, ақыл-ой жүйесі, ар-намыс, сезім, діни ұғым, туыстық атаулар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әлемді тану жүйелері, аспан денелерінің атаулары, тұр-тұс атаулары, т.т.; материалдық мәдениет – үй жабдық атаулары, киім-кешек атаулары, құрал-сайман атаулары, тағам атаулары, қару-жарақ атаулары, қолөнер бұйым атаулары, зергерлік атаулар, музыкалық аспап атаулары, т.т.

Түйіндей келгенде, тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы – күрделі әрі көп аспектілі. Бұл тіл мен мәдениеттің адамдар қарым-қатынасы үдерісіндегі өзара байланысы, ықпалы және әрекет еткен мәселелеріне тиесілі. Мұндай мәселелерді қарастыру сөз жоқ, әдістемелік тұрғыдан жан-жақты саралауды әрі айқын уәждемелерді ұсынуды қажет етеді. Ал ондай байланыстар тіл мен мәдениет арасында жеткілікті. Сондықтан осы шағын ізденісімізде тіл мен мәдениет сабақтастығының бүгінгі заман сұранысы екендігі айқындалды. Арнайы курс ретінде қолға алынып келетін «рухани және материалдық лексика» тақырыбын қарастыру барысында алғаш тіл мен мәдениет сабақтастығын ашып көрсету керектігі басшылыққа алынды. Әрмен қарай рухани мәдениет пен материалдық мәдениетке тиесілі болған тақырыптардың әрқайсысын жеке-жеке саралау қажеттігін көрсетеді.

**Әдебиеттер**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. —Алматы: «Ғылым» баспасы, 1983. —672 б.
2. Верещагин Е. М, Костомаров В. Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. 4-е изд., перераб. и доп. —Москва: Русский язык, 1990 (Библиотека преподавателя русского языка как иностранного). —246 с.
3. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. —Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. —320 б.
4. Древнетюркский словарь. —Ленинград: Издательство «Наука», 1969. С. 715.
5. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. —Алматы: «Мектеп», 1984. —75 б.
6. Габитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. —Алматы: «Арыс», 2000. —168 б.
7. Гончаренко Н.В. Гений в искусстве и науке. —Москва: Искусство, 1991. —432 с.
8. Вайсгербер Й.Л. Родной язык и формирование духа. —Москва: УРСС Эдиториал, 2004. —232 с.
9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. —Алматы: «Ана тілі», 1998. —304 б.
10. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. —Алматы: Даик-Пресс, 2009. Т.1. —784 б.
11. Қазақ философиясы тарихы. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін. —Т. I. Қазақ философиясының қалыптасуы. —Алматы: ФСДИ ҚР БФМ, 2014, —443 б.

**References**

1. Qazaq tiliniň tüsindirme sözdigi. 7-tom. —Almaty: «Ғылым» baspasy, 1983. — 672 b.
2. Vereşagin E. M, Kostomarov V. G. İazyk i kültura: Lingvostranovedenie v prepodavanii ruskogo iazyka kak inostrannogo. 4-e izd., pererab. i dop. — Moskva: Ruski iazyk, 1990 (Biblioteka prepodavatela ruskogo iazyka kak inostrannogo). — 246 s.
3. Ter-Minasova S.G. Tıl jäne mädenietaralyq komunikasiya. — Almaty: Ұlттыq audarma bürosy, 2018. —320 b.
4. Drevnetürkski slovär. —Leningrad: Izdatelstvo «Nauka», 1969. S. 715.
5. Uäliev N. Söz mädeniety. —Almaty: «Mektep», 1984. — 75 b.
6. Ğabithanuly Q. Qazaq mifologiasynyň tildik körinisi. —Almaty: «Arys», 2000. —168 b.
7. Goncharenko N.V. Geni v iskustve i nauke. —Moskva: İskustvo, 1991. —432 s.
8. Vaisgerber İ.L. Rodnoi iazyk i formirovanie duha. —Moskva: URSS Editorial, 2004. — 232 c.
9. Qaidar Ä. Qazaq tiliniň özektı mäseleleri. —Almaty: «Ana tili», 1998. —304 b.
10. Qaidar Ä. Qazaqtar ana tili äleminde (etnolingvistikalyq sözdik) Adam. —Almaty: Daik-Pres, 2009. T.1. — 784 b.
11. Qazaq filosofiasy tarihy. Ejelgi däuirden qazırgı zamanga deiin. —T. I. Qazaq filosofiasynyň qalyptasuy. —Almaty: FSDI QR BGM, 2014, — 443 b.

### Özet

Makalede dil ve kültürün sürekliliği tarihsel verilere dayalı olarak ele alınmaktadır. Ayrıca bu çalışmada kültür kelimesinin tanımları analiz edilmiş ve özüne odaklanılmıştır. Eski kültürün, halkın manevi ve maddi bilgisinin yanı sıra ulusal zihniyeti, ulusal bilinci, dünya görüşü, gelenek ve görenekleri olarak anlaşıldığını anlamak da önemlidir. Makalede bilgi oluşumu kavramı analiz edilir. Ayrıca dil ile bir arada yaşaması da kültürün aynası olarak tanımlanmaktadır. Makalenin ana teması, eski çağlardan beri iç içe olan dil ve kültürün devamlılığı, toplumdaki manevi ve maddi söz varlığının oluşumundaki rolüdür. Aynı zamanda dilin halk bilincindeki rolü, gelenek ve görenekler, ritüeller en kapsamlı şekilde gösterilmekte ve analiz edilmektedir. Çünkü dil ve kültür yardımıyla konuşma, davranış, örf, âdet, kilik, sanat ve etnik semboller vb. bir kültür olmuştur. Makalenin ana konusu, halk tarafından manevi ve maddi bilgi bakımından anlaşılan dil ve kültürün devamlılığıdır. Kısaca dil ve kültür; kişilik özelliklerinden başlayarak tüm milli zihniyeti, milli şuuru, dünya görüşünü, örf ve âdetlerini, manevi ve maddi zenginliği kapsayan karmaşık bir kavramdır.

**Anahtar Kelimeler:** Kültür Kelimesi, Manevi Kültür, Kültür Aynası, Dil ve Kültür, Manevi ve Maddi Kelime Hazinesi.

**(N. MANSUROV, ZH. SUINZHANOVA. DİL, KÜLTÜRÜN EŞSİZ BİR ARACIDIR)**

### Аннотация

В статье рассматривается преемственность языка и культуры на основе исторических данных. Исследование анализирует дефиниции слова культура и уделяет внимание на ее природу. Также важно понимать, что под древней культурой понимаются духовные и материальные знания народа, а также его национальный менталитет, национальное сознание, мировоззрение, обычаи и традиции, а также анализируется концепция формирования знаний. А его существование с языком описывается как «язык есть зеркало культуры». Основной темой статьи является преемственность языка и культуры, которые с древних времен были переплетены, их роль в формировании духовной и материальной лексики в обществе. При этом наиболее комплексно показана и проанализирована роль языка в общественном сознании, обычаях и традициях, обрядах. Потому что с помощью языка и культуры сформировалась культура речи, поведения, обычаяев, ритуалов, дресс-кода, искусства и этнических символов и т.д. Основным вопросом статьи является преемственность языка и культуры, которая понимается народом с точки зрения духовных и материальных знаний. Словом, язык и культура – сложное понятие, охватывающее весь национальный менталитет, национальное сознание, мировоззрение, обычаи, духовное и материальное богатство, начиная с черт личности.

**Ключевые слова:** Слово культура, духовная культура, зеркало культуры, язык и культура, духовная и материальная лексика.

**(Н. МАНСУРОВ, Ж.СҮЙНЖАНОВА. ЯЗЫК – УНИКАЛЬНЫЙ ИНСТРУМЕНТ КУЛЬТУРЫ)**